

Мұғалжар ауданының Қ. Жұбанов атындағы ауылдық округінің Қаракөл және Жаңатұрмыс ауылдары аумақтарында шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Қ.Жұбанов атындағы ауылдық округінің әкімінің 2016 жылғы 18 мамырдағы № 1 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 40 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Мұғалжар аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2016 жылғы 17 мамырдағы № 11-26/76 ұсынысының негізінде, Қ. Жұбанов атындағы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

Мұғалжар ауданы Қ. Жұбанов атындағы ауылдық округінің Қаракөл және Жаңатұрмыс ауылдарының ірі қара малдарын сарып ауруынан сауықтыру іс-шараларының толық аяқталуына байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

Мұғалжар ауданы Қ. Жұбанов атындағы ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 25 қыркүйектегі № 6 "Мұғалжар ауданы Қ. Жұбанов атындағы ауылдық округінің Қаракөл және Жаңатұрмыс ауылдары аумақтарында шектеу іс-шараларын бекіту туралы" (Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 09 қазанда № 4539 болып тіркелді) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

Ауылдық округінің әкімі

К.Б.Биримжанов